

21.01.2019.

«Қылқаламын дала жүрегіне айналдырған»

Қазақ бейнелеу өнерінің қазығын қағып, сурет өнерінің қара шаңырағын қалыптастыруға сүбелі үлес қосқан, қазақтың әйгілі суретшісі – Әбілхан Қастеев. Ғасырмен үндескен халық суретшісі бейнелеу өнерінің бас тұлғасы болып көзі тірісінде-ақ танылған. Бейнелеу өнерінің мерейін өсіріп, ұлттық рухани көркем туындылар туғыза білген өнер иесі.

Бейнелеу саласына ұлттық үн қосқан ұлы суретші биыл 115 жаста. Осы айтулы мерейтойға орай облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының өнер бөлімшесінде **«Қылқаламын дала жүрегіне айналдырған»** тақырыбында арнайы жылдық көрме әзірленді.

Көрме үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Заманымыздың ұлы суреткері» деп аталады. Әбілхан Қастеев табиғат берген тума талант иесі еді. Жастайынан халық өнерін бойына сіңіріп өсті. Және анасының қолөнерге деген көзқарасы бала суретшіге өз ықыласын, әсерін тигізді. Бұл бөлімге суретшінің туған жері, ата-анасы, өскен ортасы мен балалық шағы туралы мәліметтер қойылды.

Екінші бөлім «Сыршыл қалам сырлары». Бұл жерде суретшінің алғашқы жұмыстарынан бастап, танымал еңбектеріне дейін табуға болады. Ол қарапайым адам портреттерін бейнелеп, осы жанрдың ерекшеліктерін жеткізе білді. Қай кейіпкердің болсын ішкі жан дүниесін аса шеберлікпен орындады. Суретшінің ел тұрмысына, тарихи кезеңдерге, салт-дәстүрге арналған еңбектері өте көп. Атап өтсек: «Медеу мұз айдыны», «Бие сауу», «Шалкөде жайлауы», «Қапшағай ГЭС-і», «Колхоз тойы», «Мектепке», т.б. Қазақтың біртуар тұлғаларын бейнелеген суретші, мысалы: «Амангелді Иманов», «Ғани Мұратбаев», «Жамбыл Жабаев», «Шоқан Уәлиханов», т.б.

Көрменің үшінші бөлімі «Өрнекті өнері – өлмес өмірі». Әйгілі кескіндемеші Әбілхан Қастеевке арналған өлең жолдары, арнаулар, замандастарының, өнертанушылардың берген пікірлері мен естеліктері топтастырылған. Мерзімді басылымдарға шыққан мақалаларды да осы жерден табуға болады.

Көрменің дәйексөз ретінде суретшінің өз сөзі, америкалық суретшінің еліміз туралы айтқан ойы және отандық өнертанушының Әбілхан Қастеев туралы айтқан сөздері алынды.

Барша өнерсүйер қауымды көрмемен танысуға шақырамыз!



Қыпқаламды дала жүрегіне айналдырған
Қазақтың әйгілі кескіндемешісі Әблхан Қасымовқа 115 жыл (1904-1979)

Заманымыздың ұлы суреткері

Сыршып қалам сырлары

Өрнекті өнері - өлмес өмірі